




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


**ТӘЛІМГЕРЛЕР
КЕҢЕСІ
ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ | ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ | 2 нұсқасы: 30.10.2020 |
| | ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 1 бет |

МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы ережелер | 2 |
| 2 | Тәлімгерлер Кеңесінің мақсаттары мен міндеттері | 2 |
| 3 | Тәлімгерлер Кеңесінің құрылымы | 3 |
| 4 | Тәлімгерлердің құқықтары мен міндеттері | 4 |
| 6 | Қорытынды ережелер | 5 |



| | | |
|--|--|--------------------------|
|  КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ | 2 нұсқасы: 30.10.2020 |
| | ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 2 бет |

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Тәлімгерлер Кеңесі туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) Тәлімгерлер Кеңесінің негізгі міндеттерін, қызметін, құрылу тәртібі мен өкілеттігін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 қаулысымен бекітілген барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарға.

1.3 Тәлімгерлер Кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Университетте жүйелі тәрбие жұмысын іске асыру, Университеттің тәрбие саласындағы барлық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру, білім алушылардың жалпы мәдени және әлеуметтік-тұлғалық біліктерін дамытуды қамтамасыз ететін тәрбиелік және мәдени-тынығу іс-шараларын ұйымдастыру бойынша тәлімгерлерге, профессорлық-оқытушылық құрамға және білім берушілерге тәжірибелік көмек көрсету үшін құрылған.


1.4 Тәлімгерлер Кеңесі өзінің қызметінде іске асырады:

- Азаматтық және патриоттық сезімдерін, Қазақстан Республикасының ұлттық рәміздері мен дәстүрлерін құрметтеуді қалыптастырады;
- Білім алушылардың саяси, құқықтық және өнегелік мәдениетін, Қазақстан Республикасының заңнамасын құрметтеуін жетілдіреді, құқыққа қайшы мінез-құлықтың алдын алуды іске асырады;
- Білім алушылардың салауатты өмір салтына байланысты, эстетикалық және экологиялық мәдениет дағдыларын қалыптастырады;
- Білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне септестік етеді, олардың белгіленген нормалар мен қағидаларды, құқықтар мен міндеттерді білуді игеруіне және орындауына көмек көрсетеді;

2 ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Тәлімгерлер Кеңесінің мақсаты – Университеттің академиялық топтарының тәлімгерлеріне тәжірибелік көмек көрсету және қызметін үйлестіру.

2.2 Кеңестің негізгі міндеттері:

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ | 2 нұсқасы: 30.10.2020 |
| | ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 3 бет |

- Білім алушылардың тәрбиесінде бірыңғай ұстанымды тәсілдердің орындалуын қамтамасыз ету;
- Академиялық топтағы тәлімгердің жұмысын ұйымдастырудың тиімді түрлері мен әдістерін анықтау;
- Жұмыстың оң тәжірибесін жалпылау және тарату;
- Жоспарлы іс-шаралар мен конкурстарды ұйымдастыру және өткізу;
- Тәлімгерлердің жұмысындағы тәжірибе алмасу.

2.3 Кеңес келесі қызметтерді орындайды:

- Тәлімгерлердің жұмысын үйлестіреді, бағыттайды, олардың өзара әрекеттестігін ұйымдастырады, тәлімгерлердің есептерін тыңдайды;
- Оқыту семинарларын өткізуді ұйымдастырады;
- Тәлімгерлердің тәжірибесін зерттейді және жалпылайды;
- Білім алушылардың мәдени тынығуын ұйымдастыруда септестік етеді, оқудан тыс қызметтің әр түрін ұйымдастырады;
- Университеттің академиялық топтарының тәлімгерлерін тәрбиелік жұмысы үшін ынталандыруға ұсынады.

3 ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3.1 Кеңестің жұмысына жалпы басшылықты Университеттің тәрбие жұмысы жөніндегі проректор іске асырады.

3.2 Кеңестің жұмысына декандар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары жетекшілік етеді.

3.3 Кеңес жұмысының жоспары оқу жылына құрылады және Университеттің ректорымен бекітіледі.


3.4 Кеңес жиналыстары Кеңестің хатшысы жүргізетін хаттамамен рәсімделеді. Сондай-ақ, хатшы жиналыстарға материалдарды дайындауды ұйымдастырады, Кеңес жиналысын өткізу орны мен уақыты, қабылданатын шешімдердің орындалу барысы туралы Кеңестің мүшелеріне хабарлайды.

3.5 Кеңестің құрамына кіреді:

- Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімінің басшысы (төраға);
- Факультеттер декандары;
- Топтардың тәлімгерлері;
- Студенттік өзін-өзі басқарудың өкілдері.

3.6 Кеңес құрамы жыл сайын Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.7 Кеңес жиналыстары кемінде, екі айда бір рет өткізіледі. Қажеттігіне қарай Кеңестің кезексіз жиналысы шақырылуы мүмкін.

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ | 2 нұсқасы: 30.10.2020 |
| | ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 4 бет |

3.8 Кеңес жиналысына оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан жағдайда Кеңес жиналысы құқықты саналады. Шешім жиналысқа қатысқан мүшелердің көпшілік дауыс беруімен қабылданады.

4 ТӘЛІМГЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Академиялық топтың тәлімгерлері құқықты:

4.1.1 Білім алушылардың жас ерекшеліктерін, мүдделерін, бейімділіктері мен құндылықты бағдарлануын ескерумен тәрбие қызметінің педагогикалық негізделген түрлерін, әдістерін, жолдары мен құралдарын таңдауға.

4.1.2 Білім алушыларға педагогикалық бақылауды жүргізуге (оның ішінде, оқу сабақтары кезінде), олардың қоршаған әлеуметтік ортасын зерттеуге, бұл ретте алынған мәліметтерді тек қана тәрбиелік мақсатта пайдалануға.

4.1.3 Университеттің құрылымдық бөлімшелері тарапынан ұйымдастырушылық, әдістемелік, техникалық көмек алуға.

4.1.4 Топта білім алушылардың өмірі мен қызметіне қатысты мәселелер мен шешімдерді талқылаудың барлық деңгейлерінде қатысуға.

4.1.5 Оқу-тәрбиелік процесті жетілдіру бойынша ұсыныстарды Кеңестің қарастыруына енгізуге.

4.1.6 Білім алушыларды ынталандыру бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ, белгіленген ішкі тәртіп Қағидаларын бұзғаны үшін оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту бойынша ұсыныстарды енгізуге;

4.1.7 Студенттік өзін-өзі басқару органдарына сайлау үшін білім алушылардың кандидатураларын ұсынуға.

4.1.8 Өлшемі мен тәртібін Университет ректоры анықтайтын өзінің жұмысы үшін материалдық, рухани ынталандыруды қабыл алуға.

4.2 Академиялық топтың тәлімгерлері міндетті:


4.2.1 Әрбір білім алушының, ұжымның, жалпы академиялық топтың жеке-тұлғалық ерекшеліктерін және рухани-психологиялық қасиеттерін жан-жақты зерттеуге.

4.2.2 Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес академиялық топпен тәлімгерлік сағаттарын өткізуге.

4.2.3 Білім алушыларды елдің қоғамдық-саяси өмірімен, Университеттің ғылыми-мәдени қызметімен уақытылы таныстыруға, білім алушылардың үлгерімін, сабақтарға қатысуын талдау үшін тәлімгерлік сағаттардың әлеуетін пайдалануға.

4.2.4 Білім алушылардың Университетте оқу жағдайына бейімделуіне көмек көрсетуге.

4.2.5 Білім алушылардың табысты оқу және ғылыми-зерттеу жұмысы, оқу тәртібін нығайту, өздігінше оқу жұмысындағы біліктері мен дағдыларын дамыту үшін жағдай жасауға ықпал етуге.

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ | ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ | 2 нұсқасы: 30.10.2020 |
| | ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 5 бет |

4.2.6 Білім алушыларға құқықтық ағарту, құқыққа қайшы келетін мінез-құлықтың алдын алу, бұзылысты сипаттағы ұйымдарға тартуға жол бермеу бойынша жұмысты өткізу.

4.2.7 Студенттік өзін-өзі басқару органдарына көмек көрсетуді қалыптастыруға және ұдайы көмек көрсетуге қатысу.

4.2.8 Білім алушыларды рухани және әлеуметтік қорғау бойынша қамқорлық жасау, оларда салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

4.2.9 Білім алушылардың оқудан тыс уақытта бос болмауына, оларды Университеттің қоғамдық өміріне қатысуына тартуға септестік ету.

4.2.10 Білім алушылардың ата-анасымен қарым-қатынас орнату, оларды оқу және оқудан тыс қызмет мәселелері бойынша уақытылы хабардар ету.

4.2.11 Келесі құжаттардан тұратын «Тәлімгер папкасын» уақытылы толтыру:

- Академиялық топтың тәрбиелік жұмыс жоспары;
- Әрқайсысы туралы мәліметті көрсетумен білім алушылардың тізімі: үй мекенжайы, телефоны, отбасы, ата-аналары туралы мәліметтер, т.б.
- Тәлімгерлер есептері.

5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

5.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары негізінде Ғылыми кеңес енгізеді.

